3. Древнетюркский словарь. –Ленинград: Наука, 1969.

4. Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков. Москва: Наука, 1978.

Резюме

В данной статье указана история происхождения имен, пути установления языка с помощью изменений звуков антропонимических личностей.

Resume

In the present article the history of names' origin. Ways of setting the language by means of change the sounds of the anthroponymic personalities are examined.

ӘӨЖ 811.512.122

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҮБІР СИПАТТЫ АНТРОПОНИМЖАСАМДЫҚ ФОРМАЛАРҒА ТӘН БЕЛГІЛЕР

Б. Досжанов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Қазақ антропонимдерінің құрылымдық жүйесі түркі тілдеріне ортақ жалғамалылық, сондай-ақ түбірлер мен қосымшалардың қалыптасуы секілді жалпы заңдылықтардың аясында жүзеге асып отырғандықтан, оларды түбірлер мен қосымшалаға жіктеудегі кейбір мәселелер назар аударады. Әсіресе түбір орнында тұрған тұлғалардың құрылымдық жүйесі тереңірек қарастыруды талап етеді. Осы орайда «түбір орнында тұрған тұлға» деген сөзге түсінік бере кетуіміз керек секілді. Қазақ антропонимдерінің ұлттық табиғатына тән ерекшеліктердің нәтижесінде антропонимжасамдық түбірлер түрлі жолдармен қалыптасқан. Арасында белгілі бір мағынаға ие дербес сөздерден жасалғандары да, қысқарудың нәтижесінде ешқандай мағына бермейтін дыбыстық формаларға айналғандары да бар. Сыртқы тұлғасы дербес мағыналы сөздерге ұқсағанмен, жасалу жолдарына көз салғанда бір дыбыстық формаға келіп тоғысқан әртүрлі тұлғалардың жиынтығын да байқауға болады, яғни бірнеше есім антропонимжасамдық тәсіл арқылы бір тұлғаға айналған. Түбір ретінде танылуға мағыналық мүмкіндігі төмен, сондықтан «түбір орнында тұрған тұлға» дейтін себебіміз осы, алайда тілдік

табиғатына қарай оны «түбір сипатты антропонимжасамдық форма» атауды жөн көреміз. Өйткені, түбір орнында тұрып, өзінен кейін түрлі қосымшалар жалғау қабілеті ұқсағанмен, ешқандай мағына білдіре алмайтыны оны нақты түбір ретінде тануға мүмкіндік бермейді. Қазақ тіліндегі түбір сипатты антропонимжасамдық формалардың өзіне тән белгілері бар. Ол жөнінде айту үшін әуелі жалпы түбір деп танылып жүрген тұлғалардан айырмашылығына тоқтала кету қажет.

Тіл білімінде түбірге берілетін қарапайым анықтама – түбір дегеніміз сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналық бөлігі. Тілдік табиғаты жағынан ол түбір морфемамен сәйкеседі. «Түбір морфема құрылысы жағынан да, мағынасы жағынан да сөздің әрі қарай бөлшектеуге келмейтін мағыналы түпкі бөлшегі, негізі» [1, 177]. Сонымен қатар, зерттеушілер тарапынан тілдегі мағыналы бөлшек – морфемалар құрамында морфтардың болатындығы туралы айтылып жүр. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде «Морф, морфа – мәтіннің морфемдік деңгейде ары қарай жіктеуге болмайтын маңызды шағын бірлігі, морфеманың мәтіндік көрінісі. ... Морфеманың варианты бола тұра, морфқа үнемі жаңғырып отыру тән емес. Мыс., көне түбір көз, көр сөздерінің құрамындағы көз- және -з, -р морфтары морфологиялық үлгілерге сай қайталана бермейді» – деген тұжырым жасалған [2, 219]. Ал ғалым А. Айғабыловтың еңбегінде мынандай түсінік беріледі: «Мен егін ектім деген сөйлемдегі егін және ектім сөздерінің түбір морфемасы бір. Демек, бір морфеманың өзі бірде ег, бірде ек болып қолданылып тұр екен. Сонда ол сөйлемде бір морфеманың екі өкілі – морфтар болып есептеледі. Біз сөзді не сөз формаларын морфемаға емес, морфтарға бөлеміз, өйткені контексте морфеманың морфтары қолданысқа түседі. Сонымен морфема – жалпы ұғымды аңғартса, морф – морфеманың қоладысқа түсетін өкілі» [3, 13]. Берілген анықтамаларға сүйенсек – морфтар дербес қолданылатын түбір морфеманың бөлшегі болып табылады. Кісі аттары құрамындағы, ілгеріде біз атап өткен формалардың да, жасалу жолдары осыған ұқсас болып келеді. Қазақ есімдерінің құрамынан орын алған Божақ, Божақан, Божан, Божанбай, Божантай, Божбан, Божбанбай, Божығұл, Божықан, Божыман, Божымбай секілді есімдердің барлығына ортақ түбір Бож болып табылады. Мағынасының белгісіз немесе «морфеманың қолданысқа түсетін өкілі» болуы антропонимжасамдық түбір сипатты форма мен морфтарға ортақ белгі сияқтанғанмен, бір-бірінен елеулі айырмашылықтары бар. Ең бастысы морф шығу тегі бір, екі немесе онан көп сөздің ортақ «қолданысқа түскен өкілі» болса, түбір сипатты антропонимжасамдық форма әртүрлі сөздердің қысқаруы нәтижесінде дыбыстар сәйкестігі бойынша орныққан тұлға.

Дыбыстық формасы ортақ осындай (ілгеріде аталған) есімдердің барлығын бір негізден таралған деп айту қиын, олар түрлі антропонимжасамдық өзгерістердің нәтижесінде пайда болған тұлғалар. Екіншіден, бір есімнің

шығу тегі туралы әртүрлі болжам, оны нақты мағынасынан алшақтатып жібереді. Әрі есімге негіз болған сөз бен ол арқылы білдірілетін зат немесе құбылыс арасына адам келіп тұрады. Мысалы, алғаш сөздің дыбыстық формасы және ол арқылы білдірілетін зат немесе құбылыс болса, есім ретінде алынғаннан кейін сөз (дыбыстық формасы) → адам → мағына (зат немесе құбылыс). Адамның екінші тұратын себебі, сөз күнделікті белгілі бір адамды атау барысында біртіндеп өзінің бастапқы мағынасынан алшақтап, адамды белгілеу қабілеті арта береді. Демек, дыбыстық тұлғалар кісі есімі ретінде бірінші орынға шығады. Нақты этимологиялық болжамға көнбегеннен кейін, қазіргі қызметі (атауыштық қасиеті) мен дыбысталу (ұлттық сипаты) ерекшеліктеріне қарай олар «кісі есімі» деген атаудың аясына топтасады. Тілдегі кез келген тұлға бір нәрсені білдіруі шарт болса, олар ең бірінші «адам аты» деген ұғымды білдіреді. Мысалы, Абылай, Қасым, Талғат, Салғара, Бекен т.б. секілді сөздерді қазір кісі есімі деп білеміз, мағынасы туралы қажет болған жағдайда ғана ойланамыз. Сөздердің бастапқы табиғатынан алшақтап, есім ретінде орнығуының бұл нақты көрінісі болып табылады. Сөз есімге айналып, тілде тұрақтағаннан бастап, антропонимдерге тән қасиеттерді бойына сіңіріп, жаңаша сипатқа ие бола бастайды. Осы және т.б. ерекшеліктеріне байланысты қазақ есімдерінің құрамындағы түбір сипатты антропонимжасамдық формалардың тілдік табиғатын төмендегіше зерделеуге болады.

Мағыналық ерекшелігі жағынан алғанда, бұлардың қатарында мағынасы белгісіз немесе күмәнді және ешқандай мағына бермейтін тұлғалардың бары байқалады.

Мағыналары күмәнді немесе белгісіз антропонимжасамдық түбір сипатты формаларға мынандай тұлғалар жатады: Бөле, Бөлебай, Бөлеби, Бөлеген, Бөлеқан, Бөлек, Бөлекен, Бөлекші, Бөлембай, Бөлен, Бөленді, Бөленей, Бөленқан, Бөлеп, Бөлепберген, Бөлесін, Бөлет, Бөлетай, Бөлешбай. Осы есімдердің тілдік табиғатынан шамамен бөле (зат. туыс), бөле (ет. бесікке немесе қуанышқа бөлеу), бөлек (сын. басқа, алшақ) секілді үш түрлі мағынаны көруге болады. Бұл сөз таптары тұрғысынан жасалған болжам, ал антропонимжасамдық заңдылықтар оған аса бағына бермейді. Қазіргі кезде есімдерге негіз болып тұрған бөле тұлғасының нақты қай мағынаға тән екенін анықтап, бір тоқтамға келу қиын. Мысалы, аталған есімдер құрамындағы секілді қазақ тілінде -бай, -қан, -й (-ей), -к (-ек, -ік), -кен, -н (-ен), -сін, -тай, -шы т.б. секілді антропонимжасамдық қосымшалар бар, -қан, -сін, -шы-дан өзгелері еркелету мәнін білдіреді. Ал еркелету мәнді осы қосымшалар жалғанғанда дербес мәнді есімнің дыбыстық құрамы қысқаратыны белгілі. Мұндайда Бөлек, Бөлекен, Бөлен, Бөленей секілді есімдердің түбірі қайсы (бөл ме, бөле ме?) және қай сөз табына тән екенін немесе қандай мағына беретінін ажырату қиын. Сол секілді Бөле-сін есімінің құрамындағы Байсын, Демесін, Ебейсін, Айсын, Нұрсын, Гүлсін т.б. секілді есімдердің құрамындағы

қосымшалардың қайсысына жақын екенін ажырату да жеңіл емес. Бөле есімін жеке алғанның өзінде де, оның етістік немесе зат есім екенін нақты айқындау үшін есім қоюшы адамның ойын білу қажет. Экстралингвистикалық сырлары терең, осындай бір сөзге әр адам тарпынан телінетін мағынаны анықтап болу мүмкін емес, оларды тек кісі есімі ретінде ғана танитын себебіміз де сол. Есімге негіз болған сөз бастапқыда өзі телінген зат немесе құбылысты атау мүмкіндігінен алыстағаннан кейін оның көмескіленген мағынасын есімді иеленген адамның бойындағы қасиетін басшылыққа ала отырып болжауға болмайтыны белгілі. Оның үстіне антропонимжасам заңдылықтарына сай даму барысы кісі есімі ретінде алынған сөздердің бастапқы тұлғасын түрлендіріп жіберетін жағдайлар жиі кездеседі. Бұлардың табиғатында осындай екіұдайылық сипат болғандықтан, мағынасын анықтау үшін қандай талдау жасасақ та күмәнді қалпында қала береді. Өйткені жеке бір адам есімінің қойылу уәжі туралы нақты мәлімет алуға болады, бірақ олай болғанда, ілгеріде атап өткеніміздей, бір есімнің шығуы туралы әр түрлі жайттарға тап болар едік: біреу Бөле есімін туыс (ағайынды қыздардың балалары) мағынасында, енді біреу баршы жұртты қуанышқа бөлесін деген тілекпен қояды. Антропонимжасамдық түбір сипатты формалардың сырларына тереңірек үңілгенде, сырттай қарағанда мағыналары түсінікті, ал ішкі сырларына тереңірек дендеген сайын осындай күмәнді жақтары ашыла бастайды, сондықтан бұл тұлғалардың лингвистикалық сырларын зерделеу маңызды мәселе ретінде өз алдына арнайы қаралуға тиіс.

Қазақ тілінде сонымен қатар, ешқандай мағына бермейтін антропонимжасамдық формалар бар. Олар төл сөздермен қатар, негізінен басқа тілдерден еніп, дыбыстық құрамы қазақ тілінің заңдылықтарына сай өзгерген есімдер. Мысалы, Әд- тұлғасынан тарайтын Әдкене, Әдей, Әдейбай, Әдейхан, Әдек, Әдеке, Әдекен, Әден, Әденбай, Әденбек, Әдеубай, Әдеш, Әду, Әдуқайым, Әдшүкір; Мар- тұлғасынан тарайтын Марлан, Мартай, Марқасқа, Мардан, Марғұлан; Мер- тұлғасынан тарайтын Меркұл, Мерек, Меркүл, Мержан, Мерғали, Меркұрман; Маш- тұлғасынан тарайтын Маштай, Маштақ, Машан, Машай, Машат, Машбек, Машақ, Машқан, Машым; Шор- тұлғасынан тарайтын Шорман, Шормақ, Шормат, Шорболат, Шорай т.б. Бұл есімдерді құрылымдық жүйесі бойынша талдағанда, түбірін құрамындағы қосымшаларға қарап қана ажыратамыз. Қазіргі тілімізде аталған түбір сипатты формалардың мағынасын этимологиялық талдауларсыз анықтау мүмкін емес және антропонимжасамға тән кей ерекшеліктер нақты болжамдар жасауға мүмкіндік бермейді, сондықтан бұл тұлғаларды да қазіргі қолданыста тек кісі есімі ретінде танимыз, қарапайым жұртшылыққа олар мағынасынан бұрын осындай тұлғасымен таныс. Мағынасы белгісіз күйге жеткен есімдердің тілден жойылып кетпей, сақталып қалуына мүмкіндік беретін

ерекшелік – осы есімдерді иеленген адамдардың тұлғалық қасиеті. Жеке адамның айналасындағы жұртқа өзіндік қасиет-әсері есім ретінде сақталған сөздерге мағына болып таңылады, сөйтіп сөз күйіндегі бастапқы мағынаны кейінгі мағына ығыстыра бастайды.

Қазірге дейінгі зерттеулерде қазақ антропонимдерінің құрылымдық жүйесі негізінен сөз таптарына байланысты қарастырылып келеді. Алайда антропонимжасамның өзіндік заңдылықтары, форма түзудегі ерекшеліктері арнайы талдауларды талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде түбір сипатты формалардың қалыптасу жолдары мен өзіне тән белгілерін және мағыналық ерекшеліктерін зерделеу алда тұрған үлкен міндеттердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

2. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-словарь», 2005. – 440 б.

3. Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы (Оқу құралы). – Алматы, «Санат» 1995. – 236 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются особенности и закономерности собственной антропонимии.

Resume

He present paper examines the peculiarities and Patterns of the anthroponymy

УДК 81’ 22

ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ ТЕКСТЫ В ЗАГОЛОВОЧНЫХ КОНСТРУКЦИЯХ РЕГИОНАЛЬНОЙ ПРЕССЫ

(на примере газеты «Звезда Прииртышья»)

Р.Р. Жаева

Павлодарский государственный педагогический институт

Употребление в речи пословиц, поговорок, афоризмов, крылатых слов, цитат вначале было в основном направлено на украшение речи, сейчас же это осмысливается как социокультурный феномен, который актуализируют